КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 31 шілде №7119-25-00-2/7775 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Туризм және спортминистрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спортты дамыту дирекциясы"республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «СӘРСЕН» басшысы Сәрсен Есет Наурызбайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасының Туризм және спортминистрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спортты дамыту дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «СӘРСЕН» басшысы Сәрсен Есет Наурызбайұлы ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «СӘРСЕН» басшысы Сәрсен Есет Наурызбайұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «СӘРСЕН» басшысы Сәрсен Есет Наурызбайұлы мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 31.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 08.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 31.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 08.09.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

7119-25-3-1/7718